

социально значимых проектов, решение образовательных задач, связанных, прежде всего, с изучением родного языка.

В ходе выполнения нашего исследования мы не только изучили деятельность этнокультурных объединений, но и приняли активное участие совместно со студентами нашего института в проводимых мероприятиях (рис.1). Так, в 30 марта 2014 г. в зале Дома Дружбы польским культурно-просветительским обществом «Надея» был проведен День польской семьи. Сценарий данного мероприятия был направлен на пропаганду семейных ценностей, ценностного отношения к родителям и детям в семье, формирование уважения к старшим, понимание красоты песен польского народа, изучение польского языка. Присутствие на данном мероприятии в качестве зрителей костанайцев разных национальностей, бесспорно, имело значение для формирования культуры межнационального общения через познание культуры и традиций польского народа.



Рис. 1. День польской семьи

На основании того, что мы узнали и изучили в ходе выполнения проекта, в преддверии праздника 1 мая – Дня Единства народов Казахстана, в наших планах проведение мероприятий в образовательных школах города Костаная, с целью формирования у школьников культуры межнационального общения, толерантности через взаимодействие с представителями различных этносов, познание их культуры и традиций.

Список литературы:

1. Концепция этнокультурного образования в Республике Казахстан от 15 июля 1996 года//http://kazakhstan.news-city.info/docs/sistemsl/dok_pegnao.

ТӨР – МҰҒАЛІМДІКІ НЕМЕСЕ КЕЛЕШЕКТІКІ

*Ұлысбаева А.
Ы.Алтынсарин ат. Арқалық
мемлекеттік педагогикалық институты.
«Шетел тілі: екі шет тілі»
мамандығының 1-курс студенті
Ғылыми жетекшісі: оқытушы Бакирова Ж.М*

Бүгінгі таңда мұғалім тұлғасы деген мәселе өте өзекті болып отыр. Ол туралы ойшылдарымыз да, ғалымдарымыз да, қоғам қайраткерлері де ерекше мән беріп, түрлі тұжырымдар мен пайымдаулар жасаған. Солардың бірі – ұлтымыздың ұлы тұлғасы, алаштың біртуар қоғам қайраткері Жүсіпбек Аймауытов. Жүсіпбек Аймауытовтың ұстаз тұлғасын қалыптастыруға негіз болатын ой-тұжырымдарына назар аударсақ: «Мұғалімдікке арналған адам жақсы оқытушы болу үшін өзіне тиісті нәрселерді мына ретпен үйренсе керек. Әуелі оқытудың мағлұмат жағымен, яғни дидактикамен, математикамен жақсы таныс болады. Сонан соң әрбір сабақ берушілердің оқыту ыңғайларын, әдістерін бақылап, қарап жүреді. Одан кейін жақсы ысылған оқытушыларының жетегімен, солардың алдында өзі сабақ беріп,

күшін шамалайды. /Бұны үлгі сабағы дейді, содан соң өз бетімен бала оқытуға кіріседі/. Бірақ оқыту – баланы ғана оқыту емес, баламен бірге өзі де оқу екенін әсте естен шығармау керек. Мұғалім өзін қалай, немен оқытпақшы? Үнемі өзінің ісін байыптау, бақылаумен, тәрбие туралы әдебиеттерді көбірек қарастырумен, басқа оқытушылармен кеңесу, пікір ауысумен өзін – өзі оқытпақшы» дейді Ж.Аймауытов. Әрі қарай баяндамамызды сабақтайтын болсақ, мұғалімнің тұлғасы ең алдымен мамандықты дұрыс таңдау. Екіншіден, мұғалімдік мамандыққа өзі таңдаған саласының теориялық негізімен қатар аса қажетті педагогика, психология, әдістеме ғылымдарымен терең қарулану. Үшіншіден, әр сабаққа жан –жақты мұқият дайындалу. Төртіншіден, мектептегі тәжірибелі мұғалімдердің сабақтарына қатысып, өзіне қажетті әдіс – тәсілдерді меңгеру. Бесіншіден, үнемі ізденісте болу. Алтыншыдан, білім беру технологиялардың теориялық мәселелерін меңгеріп, практикада қолдану. Жетіншіден, заманауи ақпараттық технологиялармен жұмыс жасауға машықтану. Осы талаптарды бұлжытпай орындағанда ғана мұғалімнің тұлғасы толық қалыптасады.

Кез келген мұғалім өз мамандығын шынайы сүйіп таңдайтын болса, жоғарыдағы талаптарды орындау қиынға соқпайды. Мұғалімдік мамандықты таңдап, теориялық біліммен шынайы қаруланған маман қалған талаптарды тәжірибе арқылы толықтырады. Сондықтан да ең алдымен, ата – ана баласының бойында қандай қасиет бар, болашақта қай мамандыққа икемді, сол мамандыққа орай алған білімі тиянақты ма, таңдап отырған мамандығының ерекшелігін, қиындығын сезіне ме деген мәселелерге ерекше көңіл бөліп, баласының болашақ мамандығын дұрыс таңдауына ықпал етуі қажет. Оқытушы шәкірттерінің психологиялық ерекшеліктерін, қабілетін, ой топшылауын, жеке тұлға ретіндегі бейнесін көре, тани алуы керек.

Оқытушылар шәкірттерінің білімін сынағанда, я емтихан алғанда бұрынғы нәрселерін қайта айтып бергенін ұнатамыз: сөзбен көрінбеген қабілетті төмен деп санаймыз. «Біліп тұрмын, бірақ айта алмаймын» деген бала мен түк жауап бере алмаған баланы жек көреміз. Бұл – зор қате. Өмірде басымыздан нені кешірмейміз? Соның бәрі жадымызда түгел сақтала бермейді. Жады жіті болу – игі қасиеті, оған талас жоқ. Бірақ ол қабілет жұрттың көбінде бола бермейді. Сондықтан емтиханда сынақ алған кезде қысылып тұрған оқушыларға жанымыз ашуы керек, шыдамды қарауымыз керек. Оқудағы сыннан нашар өткен бала өмірдегі талай сыннан жақсы өтуі мүмкін. Өз жадымызда не шәкірттеріміздің жадында бір нәрсені берік орнату үшін, саналы күшімізді із қалдыруға, жаңаны бұрынғы таныс нәрселермен байланыстыруға жұмсауымыз керек» деп ұстаздың қашанда баланы адам ретінде бағалап жақсы көруі, оның жеке басының сыйлауы керектігін айтуымыз керек.

Өкінішке орай, кей кездерде әріптестеріміздің арасында мұғалімнің этикетіне жат қылық көрсететіндер де кездесіп жатады. Баланы тек сабаққа дайындығына қарай ғана бағалау, жақсы дайындалып келсе жылы қабақ танытып, өзгелердің алдында мақтап, ал дайындығы нашар немесе мүлдем сабақ оқымай келген баланы жолдастарының алдында кемсіту – мұғалімнің үлкен қателігі. Мұндай жағдай баланың жүйкесіне, өмірге деген көзқарасына, адамдарға деген сеніміне келеңсіз кірбің түсіріп, сол пәнге деген қызығуын жояды. Мұғалімге деген сенімі жоғалып, жек көрушілік сезімі пайда болады. Бұл – өсіп келе жатқан жас бұтақтың тамырын қолмен жаралау деген сөз. Жараланған тамырдан жақсы ағаш өсіп шықпайтындығы сияқты мұндай шәкірттен бүгінгі қоғам талап етіп отырған жеке тұлға қалыптаса алмайды. Бала қандай нәрсеге ынталы болмақ. Бұрын таныс емес, тың нәрсеге ынтасы болмайды. Бұрын білетін ескі нәрсеге де ынтасы болмайды. Ынтаны қоздыратын жаңа мен ескісі аралас нәрсе. Баланың ынтасын тарту үшін оқылатын нәрселерде бір жаңалық болуы керек. Ол жаңалық бұрынғы ойда бар нәрсені не толықтырғандай, не дәлелмен бекіткендей, не бұрынғыны бекерге шығарғандай, болмаса күшейткендей бір өзгеріс кіргізетін болуы керек. Оқыту нағыз берік болсын. Баланың нақты білгені қойылған бірнеше сұрауларға жауап қайыра алғанынан көрінеді. Шәкіртке бір нәрсе ұқтырғанда мұғалім анық айқын айтуы керек. Мұғалімнің сөзін бала ынтамен тыңдаса, айқындық сонда табылады. Өз мамандығын сүйген ұстаз – қашанда әдіскер.

Баламен жұмыс істеу – оның ойымен ойлау, оның сезінгенін сезу. Сонда ғана мұғалім баламен тіл табысып, оның жүрегінен жол табады. Ынтасыздың ынтасын оятып, жалқауды жұмыс жасауға жұмылдыра алады. Ақылды күшейтуге білімнің санынан сапасы, яғни сымбатты жүйелі болып миға қонуы артығырақ әсер береді, маңызды болады. Шәкірттің алған білімдерінің арасында байланыс жүйе болса, жаңа мағлұматтарды соған жалғастырып, миға тоқу да жеңіл тиеді. Ескіге сүйеніп, жаңа мағлұматты сіңіріп алу – ақыл күшейткендіктің белгісі. Мектептің беретін білімінің мағынасы баланың зауқын тарқандай, ой жұмысына құлшындырғандай, ғылымға қызықтырғандай болуы керек. Сонда ғана бала мектептен шыққан соң алған білімінен айырылып қалмай, тыңнан білім жамауға, ақыл шарасын кеңейтуге әрекет етпек. Мектеп бала алған білімін өмірде пайдалана білуге үйрету керек. Музыкамен айналысу баланың өзінің ішкі дүниесіне үңілуге көмектеседі. Адам жаны дұрыс қалыптаспай қоғам жөнделмейді. Адамның ішкі әлеміне әсер ететін нәрселер, бірінші тамақтануы, екінші естіген сөзі мен әукені, үшінші көргені, төртінші үйренгенін жасауы, бесінші оқу, жазу т.б. сияқты әрекеттері жатады. Ал қоғамның ішкі әлеміне жататындар: бірінші оның жері, екінші тілі, үшінші тарихы, тұрмыс – тіршілігі, төртінші өнер адамдары, бесінші дана ақылды ойшылдар жатады. Осындай бабалардың біліммен айтқан өсиеті бүгінгі жастарымызды, оқушыларымызды тәрбиелеуге әбден мүмкін.

«Ұстаз ... жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, бұлардың ешнәрсені ұмытпайтын ... алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі ..., мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ ..., жұрттың бәріне ... жақсылық пен ізгілік көрсетіп ... қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек». Әл-Фараби.

Мемлекет мәдениетінің айнасы-мектеп. Шын мәнісінде еліміздің әлеуметтік, мәдени, саяси, психологиялық жай-күйі халықтың білім жүйесінен, оның деңгейінен, ағартушылық іс-әрекетінен анық аңғарылады. Осы орайда, жазушы Ә.Кекілбаевтың «Уақыттың жалғыз өлшемі бар ол-адам ғұмыры. Адам ғұмырының жалғыз өлшемі бар, ол – арттағы халықтың қамы үшін бітіретін іс» -деген сөзін еске алсақ, осындай үлкен іс атқарар бір сала – мектеп және оның мұғалімі.

Педагогикалық іс- өте нәзік, қасиетті іс. Ол тәрбиешіден сезімталдықты, балаға деген сүйіспеншілікті, бала жанын бірден танитын қырағылықты талап етеді. Бүгінгі мектептің басты міндеті- өзіндік ой- көзқарасын ашық айта алатын, өмірге бейім тұлға қалыптастыру болса, оған мұғалімнің шәкіртіне деген сүйіспеншілігі, оны тұлға ретінде бағалауы баланың адамдық қасиеттерінің дамуына басты кепіл бола алады.

XXI ғасыр-қатаң бәсеке ғасыры. Бұл ғасыр – марғаулықты көтермейтін ғасыр. Демек, әлемдік бәсекелестіктің жылдам дамуына ілесе алатындай білімді де тапқыр дара тұлғаның тағдыры біздің қолымызға аманат ретінде тапсырылып отыр.

Жаңа ғасырдың ақпараттық қоғамына қажетті жаңа тұрпатты мұғалім дайындау мәселесіне байланысты 2005 жылы 18 тамызда «Қазақстан Республикасындағы жаңа тұрпатты мұғалім даярлаудың үздіксіз педагогикалық білім беру тұжырымдамасы» және «Қазақстан Республикасындағы жоғары педагогикалық білім беру тұжырымдамасының» жобалары ұсынылды. Осы екі жобаның біріншісінде жаңа тұрпатты мұғалімге – рухани жетілген, шығармашылық қабілеті жоғары, өзіне сын көзбен қарай алатын, кәсіби дағдылары, педагогикалық дарыны бар, жаңашылдыққа ұмтылатын тұлға ретінде анықтама берілген. Мұғалім идеалы – білімнің құндылығын айқын түсінетін, «мәдениеті жоғары адам», өз пәнінің жетік шебері, педагогика мен психологияны терең меңгерген, жеке тұлғаға бағытталған педагогикалық әдістерді қолдана алатын, өзін жеке тұлға ретінде дамытып, рухани өсуге деген қажеттілігі мол болуы тиіс делінеді. Кәсіпқой мұғалім өз пәнін жетік біліп қана қоймай, әрбір қатынасушының педагогикалық үдерістегі орнын білуі керек. Оқушылардың оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыра алуға қабілетті болып, оның нәтижелерін алдын-ала болжамдап көре білуі тиіс, болуы мүмкін ауытқушылықтарды дер кезінде түзете алуы, яғни құзыретті тұлға болуы керектігіне назар аударылады.

Жаңа тұрпатты мұғалім үш түрлі құзыреттілікке ие болуы тиіс: әдіснамалық, жалпымәдени, пәндік-бағыттылық. Педагогикалық қызметтің шығармашылық бағытталуы, біріншіден, мұғалімге мамандығы үшін мәні бар күшті және әлсіз жақтарын (өзін-өзі тануын, эмоционалды қалпын, коммуникативтік және дидактикалық қабілеттерін және т.б.) бағалай алуы; екіншіден, зияткерлік мәдениетін (ойлау, ес, қабылдау, зейін), мінез-құлық, қарым-қатынас, соның ішінде педагогикалық қарым-қатынасты меңгеруі; үшіншіден, қазіргі интеграциялық үдерістер, әлемдік білім берудің даму тенденцияларын бағдарлай алу сияқты мәселелерді қарастырумен байланысты. Жаңа тұрпатты мұғалім ұғымының теориялық еңбектерде қарастырылу жайы, айтылған мәселелерді жүзеге асыру үшін жаңа тұрпатты мұғалімді қалыптастыруда ақпараттық технологияларды да қолданудың дидактикалық шарттары, ақпараттық технологияларды қолдану мазмұны сынды мәселелер өз шешімін табуы көздейді.

Білім беруді дамытудың 2005-2010 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы бойынша бакалавриаттың халықаралық бағдарламаларының құрылымы мен мазмұны үйлескен білім беру бағдарламалары жасалып, оқытудың кредиттік және қашықтықтан оқыту технологиялары жүзеге асады. Білім берудегі осындай өзгерістерге сәйкес жаңа тұрпатты мұғалім дәстүрлі оқыту формаларын ақпараттық-коммуникациялық, басқа да жаңашыл технологиялармен үйлестіріп жүргізе алуға қабілетті болуы керек деп есептеймін.

Қазіргі білім беру саласындағы басты міндет - білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдістерін іздестіру мен оларды жүзеге асыра алатын жаңашыл мұғалімдерді даярлау. «Жаңашыл мұғалімдер «педагогикалық қызметтің барлық түрлерін зерттеп, кез-келген педагогикалық жағдайда өзінің білімділігі, парасаттылығы, ақылдылығы, мәдениеттілігі, іскерлігі, шеберлігі арқасында шеше алатын, педагогикалық үдерістің нәтижесін жақсартуға ұмтылатын жаңашыл әрі шығармашылықпен жұмыс істей алатын жеке тұлға болуы керек».

Жаңа тұрпатты мұғалім анықтамасы 2005 жылғы 18 тамызда жарияланған «ҚР жаңа тұрпатты мұғалім дайындаудың үздіксіз педагогикалық білім беру тұжырымдамасы» және «ҚР жоғары педагогикалық білім беру тұжырымдамасында» бір мәселеге деген екі түрлі көзқарас көрсетілген. Екі тұжырымдама авторлары бір мәселені екі түрлі шешуді ұсынады.

Педагогикалық білім берудің ең жоғарғы мақсаты - жаңа тұрпатты мұғалімнің жалпы және кәсіби дамуының үздіксіз жүргізілуі деп есептейміз. Бұл мақсатты жүзеге асыру кезінде маман-адам, азамат пен оның кәсіби білімі, іскерліктері мен дағдылары арасындағы үзіліп қалған байланыс қайта жалғасын табуы керек. Болашақ маманның жеке тұлғалық позициясын, оның кәсіби білімі мен іскерліктерін біріктіру жүзеге асуы жөн. Бұл біріктіру жалпы қосынды емес, сапалық жағынан жаңа құрылым болып, тұтастығы мен ішкі құрылымы жаңа типті мұғалім даярлау мен қалыптастыру мақсатын қоюға болады. Педагогикалық білім беру мақсаты, мұғалім тұлғасы мен кәсіби қызметінің инвариантты, идеалданған көрсеткіштері біліктілік сипаттамасының негізіне қойылатын профессиограммада ашылады. Біліктілік сипаттамасы типтік кәсіби педагогикалық міндеттер жүйесі түрінде құрылып, мұғалім тұлғасы мен кәсіби құзыреттілігіне қойылатын жалпы талаптарды құрайды.

Шебер мұғалім, біріншіден, халқымызға тән жастарымыздың бойында бар адамгершілік сипаттағы дүниетанымына, өз мәдениетіне, әдет-ғұрып, салт-саналарына, қол өнері мен педагогикасына арқа сүйейтіндігіне және ашық-жарқындығы мен бауырмалдылығына, яғни қазақ ұлтының басқа халықтардың құндылықтарын сіңіре алушылық қабілетіне ерекше назар аударған жөн. Екіншіден, өзі оқытатын пәнді терең меңгеруге міндетті. Үшіншіден, өздігінен білім алуға ынталы болуы керек. Мұғалімнің жеке басының үлгісі - кәсібилікпен біте қайнасқан қасиет болуы керек. Себебі, кез келген ұжымдағы қарым-қатынас мұғалімнің жеке басының үлгісімен тығыз байланысты.

Сонымен жаңа тұрпатты мұғалім ұғымы соңғы жылдары жарияланған шетелдік және қазақстандық педагогика оқулықтарында, ғылыми зерттеулерде «жаңа типті мұғалім», «мұғалім идеалы», «шебер мұғалім» түрінде берілсе, «жаңа тұрпатты мұғалім» термині терең

қарастырылмаған. Жаңа тұрпатты мұғалім дегеніміз – кәсіби білім мазмұнын үздіксіз жетілдіріп отыратын, оқу үдерісін басқару қабілеті, сондай-ақ тұлғалық және кәсіби сапасы жоғары, озық технологияларды меңгерген, оны қалауынша пайдаланатын құзыретті тұлға.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді, әрі өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Яғни жаңа технологияларды меңгеру жаңа тұрпатты мұғалімді қалыптастыруға қойылатын негізгі талап болып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Әл-Фараби. Әлеуметтік – этикалық трактаттар. Алматы: Санат, 1995ж. - 481бет
2. Ә.С.Бейсенова. Дәстүр мен ұрпақ тәрбиесі-ұлттық идеологияның негізі.-ұлттық тәрбие. №1,2010 ж. 114-120беттер
3. Қ.Жарықбаев. Ұлттық тәрбиені өрістеткіміз келсе, қазақ қасиетімізді қастерлейік!-ұлттық тәрбие №1 2013ж. 69-70 беттер
4. Ахметов. Сұхбат. «Тәрбие тек айтудан ғана емес, корсетуден...» Ұлттық тәрбие №3 2010ж. 116-122 беттер

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ФОРМИРОВАНИЯ КОММУНИКАТИВНЫХ КАЧЕСТВ УЧАЩИХСЯ СРЕДСТВАМИ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

*Шарафутдинова А.Т.,
студентка 3 курса
специальности «Иностранный язык: два
иностранных языка» ФЗО
Научный руководитель: магистр,
преподаватель Байменова К.С.*

В настоящее время в условиях вхождения Казахстана в мировое образовательное пространство возрастает потребность подготовки выпускников школы и молодых специалистов как поликультурных личностей, способных к продуктивному диалогу, как на родном языке, так и с представителями иноязычной культуры. В государственной программе развития образования в Республике Казахстан на 2005-2010 подчёркивается важность применения в обучении коммуникативного подхода, который ставит в центр обучения систему речевой деятельности учащихся и способен подготовить их к спонтанному общению на иностранном языке.

Известно, что в обучении речевой деятельности появилась новая тенденция, которую признали плодотворной и перспективной – это усиление коммуникативной направленности учебного процесса. Сегодня приоритет отдается именно коммуникативности, интерактивности, аутентичности общения, изучения языка в культурном контексте, автономности и гуманизации обучения, так как именно эти принципы делают возможным развитие личности школьника, способной быстро и легко вписаться в изменяющийся мир, в открытое информационное сообщество, ориентироваться в иноязычной среде.

Современное поколение молодежи должно обладать хорошо развитыми и сформированными интеллектуально – речевыми и коммуникативными компетенциями, легко устанавливать конструктивное общение с окружающими.

В инновационном образовательном пространстве политики нашего государства именно коммуникативный метод активно внедряется в учебный процесс, как на уроках иностранного языка, так и в других общеобразовательных дисциплинах.